

"Сарыағаш ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы" Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № 243 бірлескен қаулысына және Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 39-379-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 56-509-VI бірлескен шешімі және Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 256 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 қарашада № 5871 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Сарыағаш ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы" Сарыағаш ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № 243 бірлескен қаулысына және Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 39-379-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5143 тіркелген, 2019 жылғы 2 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы мен шешімнің орыс тіліндегі мәтініндегі 1-тармағына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

2. "Сарыағаш аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданының әкімі

М. Отаршиев

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

К. Пердекулов

Сарыағаш аудандық

мәслихат хатшысы

Б. Садыков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК